

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 1845

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы курестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі орталықты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруши орган болып белгіленсін.

3. Орталық қызметінің негізгі нысанасы есірткілерді теріс пайдаланудың алдын алуды, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу мен оқалтуды, ғылыми мониторингті, есірткіні теріс пайдалану туралы деректерді жинау мен талдауды жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Орталықтың жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындастырын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Павлодар облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталықты орналастыру үшін үй-жай бөлу туралы мәселені қарасын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Павлодар облысының әкімімен бірлесіп Орталықты орналастыруға арналған үй-жайды Павлодар облысының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке қабылдау-беру жөнінде қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырын.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі:

"2. Мемлекеттік кәсіпорындар бөлімі" мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 66-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"66. Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы".

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК